

Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу жөніндегі кейбір шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы N 265 Қаулысы

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 қаңтардағы N 6 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

1-тармаққа өзгерту енгізу көзделген - ҚР Үкіметінің 2010.06.28 № 659 Қаулысымен (ж а р и я л а н у ғ а ж а т п а й д ы) .

1. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына бұдан әрі - қор) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) оның жарғылық капиталына қордың жүз пайыз қатысуымен "Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" акционерлік қоғамын (бұдан әрі - қоғам) құруды;

2) қоғамның жарғылық капиталын 15000000000 (он бес миллиард) теңге мөлшерінде қалыптастыруды;

3) қоғам қызметінің негізгі бағыттары: құрылысы аяқталған немесе тұрғын үй құрылысы салынып жатқан объектілердегі тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сатып алу; жылжымайтын мүлікті тиімді басқаруды қамтамасыз ету;

Іс-шаралар жоспарында көзделген жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу жөніндегі шаралар мониторингі деп белгілеу;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов